

Қаржасова Г.Б. PhD докторы, доцент
Феткулов А.Х. з.ғ.к., доцент
Орынбеков А.С. з.ғ.м., аға оқытушы
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті Қарағанды,
Қазақстан Республикасы GKB24@mail.ru

ЕСІРТКІ ЖӘНЕ ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

Аңдатпа. Мақалада есірткі заттары немесе психотропты заттардың заңсыз айналымы жайлы мәселелер талқыланады. Сонымен қатар қазіргі таңда есірткі заттары немесе психотропты заттардың заңсыз айналымы қылымысымен күресу шаралары және алдыны алу жолдары, жауапкершілікке тарту жағдайлары зерттеледі.

Түйін сөздер: есірткі заттары немесе психотропты заттар, нашақорлық, есірткі бизнесі, заңсыз айналым, қылмыстық жауапкершілік.

Қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы үшін әрбір қазақстандық азамат өз үлесін қосу керек. Қазіргі таңда есірткі адамның жаны мен тәнінің саулығына қауіп төндіретін химиялық дәрі дәрмек болудан әрі асып, ол мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне төнген әлеуметтік қоғамдық қатерге айналып отыр. Бүкіл әлемдік қауымдастықта және кеңестік дәуірде, соның ішінде Қазақстан Республикасында соңғы жылдары заңсыз есірткі айналымымен және оның салдарымен – тұрғындардың көпшілігін есірткімен еліту бойынша күресу мәселесі күшейді. Есірткілік қылмыс өзінің географиялық, жастық және басқа да шеңберін кеңейтуде, есірткімен айналысушылар қоғамда есірткілік өнімдері немесе психотроптық заттарды тұтынуға, оларды айналымға заңсыз енгізуге әрекет етуде. Әлеуметтік-экономикалық процестер аумағында әлеуметтік белсенді өмірден шеттеп қалған, кейінгі ұрпағына есірткілік тәуелділік беріп отырған адамдар саны арта түсуде. Тұрғындарды есірткімен еліту мен есірткі өнімдерін заңсыз айналымға енгізу қылмыстық өмірмен тығыз байланысты және әлемдік терроризм мен қылмыстық күш көрсетудің басқа да түрлерінің туындауына ықпал етеді.

Еліміздің президенті, Қазақстан Үкіметі мен Парламенті соңғы жылдары осы мәселеге байланысты бір қатар шаралар қолданды. Бірқатар конституциялық заңдар қабылданды, басқа да нормативтік актілер мен бағдарламалар жасалды, алайда әлі көптеген жұмыстар атқаруға тура келеді. Ең алдымен, қауымдастықтың позитивті күштерін есірткіні заңсыз айналымға енгізу облысында ғана күресуге қолданып қоймай, сонымен бірге демократиялық құқықтық мемлекеттің идеологиялық базасы негізінде тұрғындардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға да жұмсау қажет. Қазақстан Республикасында есірткілерді заңсыз айналымға енгізумен күресетін кәсіпкерлер потенциалы мемлекеттік арнайы құрылымдарда ғана емес, сондай-ақ ғылыми шеңберде де өсіп келеді. Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, сатып алу сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 297 бабында қарастырылған. [1].

Қылмыстың заты есірткі заттар және психотроптық заттар.

Есірткі заттар-адамның психикасына әсер ететін, одан әрі организмді бүлдіретін синтетикалық немесе табиғи тектес заттардың жиынтығы. ҚР-сы Үкіметінің 1998 жылғы 9 наурыздағы № 186 қаулысымен бекітілген тізіміне медициналық мақсатқа пайдалануға тыйым салынған есірткі заттардың 72 атауы көрсетілген. Бұларға гашиш, анаша, героин, кокаин, каннабис, апиын және т.б. заттар жатады.

Қазіргі уақытта әлем бойынша «Есірткінің заңсыз айналымы» үлкен проблема ретінде тұр. Біздің елімізде бұл мәселе өте қауіпті саннатта тұр. Есірткінің заңсыз айналымы ол тек қана халықтың денсаулығына, және имандылығына ғана емес, бұл қылмыс түрлері ұлттық қауіпсіздікке және экономикаға үлкен зиянын тигізеді.

Нақтылай кететін болсақ, үлкен мөлшерде жасалатын есірткінің заңсыз айналымы ұлттық қауіпсіздікке тигізетін зияны ол халықтың есірткіге қол жетімділігі болады, бұл орайда есірткінің әсерінен жасалатын құқық бұзушылықтардың санының өсуі, есірткіні

сатудан пайда табатын тұлғалардың немесе ұйымдасқан топтың қаражаттық өркендеуі және т.б. Нақты деректер бойынша бұл күндері әлемнің 142 миллион тұрғыны үздіксіз марихуана тұтынады, 30,5 миллион адам амфетаминдердің және синтетикалық есірткінің “құлы”, 13,4 миллион адам кокаин қолданады, 8 миллион адам героин мен апиинның тұтқыны. Енді бұл қауіпті дерт Қазақстанға да келіп жетті. Мысалы, Елімізде медициналық емес жолмен есірткі қолданатын 40505 адам саны есепті тіркеулі.

Нашақорлық былайша айтсақ ауадан да тез тарайтын аса қауіпті емі қиын дерт. Есінен танып, көзіне еш нәрсе көрінбей, ешнәрседен қорқу, үркүден ара, кез келгенде атылатын адам бейнесіндегі екі аяқты пендені көз алдыңызға елестетіп көріңіздерші. Олардың бар іздегені көрген баққаны көздегені қалайда есірткі қабылдау болады. Міне осы кезде осы жолда не бір жантүршігерлік қылмыстар жасалып жатады. [2].

Яғни осының салдарынан қазіргі таңда көптеген қылмыстар болып жатыр. Сол себепті сол қылмыстарды болдырмау үшін нашақорлыққа қарсы күрес жүргізсек деп ойлаймын. “Героинді наркомания” - өте тез әрі жылдам дамиды деп қатерлі дерт.

Республика өзінің географиялық орны жағынан іс жүзінде есірткіні заңсыз өндірудің және өткізудің әлемдік нарықтары орталығында қалып отыр, бұл біздің еліміздің есірткі бизнесімен байланысты халықаралық қылмыстық ұйымдар мен топтардың мүдделері аясына тартылуына объективті түрде ықпал етеді. 2016 жылы көп сатылы шұғыл іс шаралар жүргізу нәтижесінде 2015 жылмен салыстарғанда есірткі 9 еседен көп алынды, ал 2017 жылдың қаңтар айынан бастап қыркүйек айын қоса алғандағы кезеңде 21635 кг-дан астам есірткі алынды.

Қазақстан аумағымен есірткі жолдарының өтуі республикада есірткіге тәуелді азаматтар санының көбеюіне айтарлықтай ықпал етеді. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың есірткі бизнесін бақылауға алуға ұмтылысына байланысты Қазақстанға есірткіні әкелудің, олардың транзиттік жөнелту көлемінің одан әрі ұлғаятынын, сондай-ақ ірі әкелу-әкету пунктерінің құрылуын болжауға болады. Осыған орай елде қылмыстық қызметке тартылатын азаматтар санының ұлғаю мүмкіндігі артады [3, 48 б.].

Бүгінгі таңда Қазақстан есірткі нарығын қарқынды құрылымдық қайта құру жүруде, өсімдік тектес дәстүрлі есірткілерді “ауыр” есірткілермен ауыстырудың белсенді процесі жүріп жатыр. Әсері күшті, қымбат тұратын және денсаулыққа барынша қауіпті синтетикалық есірткі құралдары мен психотроптық заттарды пайдалану артып отыр.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес проблемалары айқын халықаралық сипатқа ие, осыған байланысты тек қана мемлекеттік деңгейде шешілуі мүмкін емес. Қазақстан есірткіге қарсы қызметтегі халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуда айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізді. Бірқатар үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдер мен шарттар жасалды. ТМД мемлекеттерімен қатар АҚШ, Канада, Еуропалық Одақ елдері осы саладағы біздің дәстүрлі әріптестерімізге айналды. [4, 55 б].

Мұның алдындағы стратегия мен оны орындау үшін қадылданған бағдарламалық құжаттардың нәтижелерін талдау барлық жоспарланған іс-шаралар толық көлемде орындалғанын дәлелдейді. Қазақстанда есірткінің айналымы саласында бірыңғай және теңестірілген мемлекеттік саясат қалыптасты және әлеуметтік бақылау орнатылды. Оны тұрақсыздандыруға және оның Қазақстанның ішкі және сыртқы қауіпсіздігінің жай күйіне, халықтың денсаулығы мен әл-ауқатына теріс ықпал етуін шектеуге қол жеткізілді.

Аса қатерлі қылмыс түрлерінің тамырына балта шабуға, тек қана құқық қорғау органының күресі мен шаралары жеткіліксіз. Сондықтан қасіреті мен қауіпі мол бұл қылмысқа бүкіл жұртшылық болып күресу қажет. Нашақорлық барлық қылмыс пен арсыздықтың, мейірімсіздік пен дінсіздіктің негізі. Сондықтан да наркомания, есірткі бизнесімен күрес барлық қазақстандықтардың ең басты міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 03.07.2014 (06.05.2017 ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)*//online.zakon.kz

2. *Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі №279 Заңы. (өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, 08.04.2016 ж. жағдай бойынша)*//online.zakon.kz

3. Еңсебаева, Г. Есірткі заттарын заңсыз тасымалдау трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың көрініс нысаны [Текст] / Г. Еңсебаева // Заң. 2017. №12. С. 2629

4. Бекежанов, Д. Н. Есірткі, жүйкеге әсер ететін зиянды заттарды құқықтық реттеудің мәселелері [Текст] / Д. Н. Бекежанов // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сер. = Вестник КазНУ. Сер. юридическая. 2016. №1. С. 7780. (Қылмыстық құқық және криминалистика.)

Қаржасова Г.Б., Феткулов А.Х., Орынбеков А.С.

БОРЬБА С НЕЗАКОННЫМ ОБОРОТОМ НАРКОТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ И ПСИХОТРОПНЫХ ВЕЩЕСТВ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы незаконного оборота наркотических средств или психотропных веществ. В то же время изучаются случаи незаконного оборота наркотических средств или психотропных веществ, а также способы предотвращения и ограничения подобных преступлений.

Ключевые слова: наркотические или психотропные вещества, наркотики, наркотики, незаконный оборот, уголовная ответственность.

Karzhasova G.B., Fetkulov A.Kh, Orynbekov A.S. STRUGGLE AGAINST ILLICIT TRAFFIC IN NARCOTIC DRUGS AND PSYCHOTROPIC SUBSTANCES

Annotation. The article deals with the issues of illicit trafficking in narcotic drugs or psychotropic substances. At the same time, cases of illicit trafficking in narcotic drugs or psychotropic substances, as well as ways to prevent and limit such crimes, are being studied.

Key words: narcotic or psychotropic substances, drugs, narcotics, illicit trafficking, criminal liability.